

# **Диплом алды практика есебі**

*Орындаған студент: МС-41  
Елеусинов Ж.К.*

Орал 2016ж

# Жоспары:

1. **Кіріспе**
2. **Орал механикалық зауыты**
3. **Практикадан дипломдық жұмыс үшін деталь таңдау**

Бұл диплом алды практика «**Орал механикалық зауыты**» өтуге жіберілдім. «**Орал механикалық зауыты**» Орал қаласы Еуразия мен Достық даңғылында орналасқан.


Диплом алды практика мерзімі 2016 жылдың 5-ші қаңтарнан 15-ші қаңтарна дейін.

Диплом алды практиканың мақсаты - өндіріс технологиясымен, кәсіпорындағы қауіпсіздік техникасы және Дипломдық жұмыстың тақырыбы бойынша мәлімет жинақтау.

**«Орал механикалық зауыты»** – ауыл шаруашылық техникасына қосалқы бөлшек, тұрмыстық электр техникасын шығаратын, металл бұйымдарды ыстық және салқын күйінде қалыптайтын, *бейстандарт жабдықтарды жасайтын* кәсіпорын. *1933 жылы Орал трактор жөндеу зауыты ретінде құрылған. 1946 жылдан* осы атпен аталады. *1993 жылы акционерлік қоғам, 1996 жылы **ашық акционерлік қоғам*** болып қайта құрылды. Кәсіпорын аумағында *темір жол тармағы мен автомобиль жолы* тартылған. Құрылған кезден бері зауыттың кәсіби бағдары бірнеше рет өзгерді, бастапқыда кәсіпорында *трактор, автомобиль қозғалтқыштары жөнделіп, астық тиегіш машиналар, жел қозғалтқыштары, т.б.* шығарылды. 1965 жылы трактор қозғалтқыштарына иінді біліктер мен шатундар шығаруға мамандана бастады. Сонымен қатар электрлі құралдар (*су қайнатқыш, үтік, т.б.*) жасау қолға алынды.



Алуан түрлі тракторлар Орал механикалық зауыты шеберлерінің туындылары





### III. Практикадан дипломдық жұмыс үшін деталь таңдау

Менің дипломымның тақырыбы тұрқы (курпус) болғандықтан, практикадағы ысырманың тұрқысын алуды ұйғардым.



Ысырма — құбырдан аққан сұйықты тоқтату, ағызу үшін және сол жердегі сұйық ағысын реттеуге, сонымен қатар құбырдағы сұйықтың артық тегеурінін кемітуге арналған тетік. Оның параллельді және сына тәрізді екі түрі бар.

Тығынды құралғыны пайдалану шарты бойынша жасалу конструкциясына қойылатын шарттар мынадай: қажетті қысымды тұрақты деңгейде ұстап тұру, сұйық немесе газды өткізу кезінде аз мөлшердегі сыртқа ағып кетулерден сақтау, металл үнемдеу, басқаруды жеңілдету, сонымен қатар агрессивті ортада жұмыс істей алу және де жоғары немесе төмен температураларда жұмыс істей алу мүмкіндігі.





Тәжірибе дегеніміз – теориялық негізде жинаған білімді тәжірибе жүзінде іске асыру болып табылады. Тәжірибе жинаған мәліметтерді нақты бекіту үшін қолданылатын бірден бір жол. Осы себептен мен 5 қаңтар – 15 қаңтар аралығында 8 жұмыс күніне «Орал механикалық зауытына» жіберілдім. Тәжірибедегі ең басты мақсаттарым – теорияда алған білімімді тәжірибе жүзінде көрсетуге тырыстым, және жұмыскерге қойылатын талаптарды игеруге тырыстым.